

Павлодар ауданы Луганск ауылдық округінің Духовницкое ауылын қайта атау туралы.

Павлодар облыстық мәслихаты мен Павлодар облысы әкімиятының (III сайланған XXIV сессия) 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 28/24 шешімі мен қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 30 сәуірде N 3085 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Павлодар ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2005 жылғы 9 қыркүйектегі "Духовницкое ауылын қайта атау туралы" N 281 қаулысына, Павлодар ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2005 жылғы 9 қыркүйектегі "Духовницкое ауылын қайта атау туралы" N 17/96 бірлескен шешіміне, облыстық ономастика комиссиясының 2006 жылғы 19 сәуірдегі қорытындысына сәйкес және Духовницкое ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі **ШЕШІМ ЕТЕДІ** :

1. Павлодар ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін :

2. Павлодар ауданы Луганск ауылдық округінің Духовницкое ауылы Аққұдық ауылы болып қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан соң он күн өткен мерзімде күшіне енеді.

Сессия төрағасы Л. Белогривый

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров